

## АББРЕВИАТУРА ЖАСАУҒА АРНАЛҒАН НҮСҚАУЛЫҚ

Аббревиатуры – бұл іс-қағаздар мен құжаттарды жазу барысында жиі кездесетін қысқарған сөздер. Олар бірнеше сөздердің бастапқы буындарынан және әріптерінен тұрады. Аббревиатураның соңына қысқартылмаған сөздер де енеді.

**Аббревиатура жасалу жолына қарай бірнеше түрлері бар, соның ішінде ең кең таралғандары:**

**1. Инициальды түрдегі аббревиатуралар** деп – сөздердің бастапқы әріптерінен жасалған аббревиатураны айтады. Яғни сөз тіркесіндегі әр сөздің бастапқы бірінші әріптерінен жасалады. Мысалы: *ҚР – Қазақстан Республикасы, АҚ – Акционерлік қоғам, АӨК – аграрлық өнеркәсіптік кешен*. Әдетте әріптік аббревиатуралар бірыңғай бас әріптермен жазылады. Мәселен, *ҚР, АО, ЖОО* және т.б.

**2. Буындық аббревиатуралар** деп – күрделі атаулардың бастапқы буындарынан құралған қысқарған сөздерді айтады. Мысалы: *кеңшар (кеңес шаруашылығы), ұжымшар (ұжымдық шаруашылық), Ономком, Терминком,*

**3. Аралас аббревиатура** деп – күрделі атаулардың басқы буындары мен бастапқы дыбыстарынан құралатын сөздерді айтады. Яғни, аббревиатура жасаудың мұндай жағдайында қысқарған сөз жасаудың екі түрлі тәсілі де, әріптік және буындық қысқарту да пайдаланылады. Мысалы, *ҚазТАГ, ҚазҰУ, АлМУ* т.б.

**4. Жартылай немесе ішінара аббревиатура.** Бұл қатарға буындық қысқарымдар мен толық сөздердің бірігуінен жасалған сөздер жатады. Аббревиатураны құрайтын сөздердің бәрі буындық қысқарымға ұшырамай, жартылай немесе ішінара қысқартылып, өзгелері сол қалпында қысқарған сөз құрамына енетін аббревиатура түрі. Мысалы, *Қазбаспасөз, мембағдарлама, мемқызмет, меммүлік, Мемхатшы, мемсыйлық, мемсату,* т.б.

**5. Графикалық аббревиатура** – сөздерді нүкте арқылы қысқарту. Мысалы: *доллар – долл., ассоциация – асс., қала – қ., көшесі – көш.* Ұзындық, салмақ тәрізді өлшем бірліктер нүктесіз қысқартылады. Мысалы: *кг, м, см, ц, т, тг және т.б.*

Аббревиатураларды құжатта қатесіз қолдану үшін төмендегідей ерекшеліктерді білгеніңіз жөн.

1. Өзара дара екі мекеме немесе ұйым атауларын қысқартқанда, екі аббревиатура қолданасыз. Олар қатар тұрса да, бөлек жазылады. Мысалы: ТМД ҮБК (Тәуелсіз мемлекеттер достастығы Үкіметтер басшылары Кеңесі), РНХҒО РМК (Республикалық нейрохирургия орталығы Республикалық мемлекеттік кәсіпорны)

2. Аббревиатураларға қосымша жалғауға болады. Қосымша дефис «-» арқылы жалғанады. Әріптерден қысқарған сөздерге қазақ тілінің қосымшалары соңғы әріптің немесе соңғы цифрдың айтылу әуеніне қарай, ал олардың ішінде дауысты дыбыс болса, сол дыбыстың айтылу әуеніне қарай жуан не жіңішке жалғанады да, дефис арқылы

жазылады. Мысалы: АҚШ-та, ҚазҰАУ-де, КМЖЗҰИ-дің, ҚазҰАУда, КМЖЗҰИ-дың, ҚызПУ-ға және т.б.

3. Өзге тілден еңген, әлемдік деңгейде қолданылып жүрген аббревиатураларды еш өзгеріссіз қолдану қажет. Яғни оларды аударудың қажеті жоқ (ИИН-ЖСН тәрізді). Ондай аббревиатураларға мыналар кіреді: АІВА//АІБА, FІFA//ФІФА, АSЕАN// АСЕАН, UNЕСCO// ЮНЕСКО, ІSО// ІСО, NАТО// НАТО және т.б.

4. Қазақ тілінде бірдей қысқартылған аббревиатуралар көптеп кездеседі. Мысалы: ҚХА – қалалардың халықаралық ассамблеясы; 2. ҚХА – Қазақстан халқы ассамблеясы. 1. СЭС – су электр стансасы, 2. СЭС – санитарлық эпидемиологиялық станса.. Сондықтан да, оларды шатастырып алмау үшін, бірінші контекстке, яғни мәтінге назар аудару қажет.

5. Графикалық қысқартулар жасағанда, нүктені дауыссыз дыбыстан кейін қоясыз. Мысалы: аудан – ауд., директордың орынбасары – дир. орын. және т.б. Сөзді дауысты дыбыстан аяқталатындай етіп қысқартуға болмайды.

6. Өзге тілден еңген аббревиатураларды дыбысталуына қарай жазып, қолдану жиі кездеседі. Мысалы: *EXPO – ЭКСПО, UNESCO – ЮНЕСКО* және т.б.

7. Мекеме немесе ұйым атауларының аббревиатураларын бірыңғай бас әріптермен жазыңыз. Мысалы: ЖМУ (Жетісу мемлекеттік университеті)

8. Жалқы есімге жатпайтын буындық аббревиатуралар кіші әріптермен жазылады және бір-біріне қосылып бірге жазылады. Мәселен: колхоз, мемқызметкер, рабфак, партком және т.б.

9. Аралас аббревиатураларда бастапқы әріптерден құралған тұсты бас әріптермен жазасыз, ал буындардан тұратын тұсты кіші әріптермен жазасыз. Мысалы: ҚазҰУ, ҚазМұнайГаз ҰК, АқГУ – Актауский государственный университет және т.б.

10. Еселенген графикалық аббревиатураларда тек бір нүкте қойылады. Мысалы: 2016-2020 жж., XI-XII ғғ., 16-18 бб. және т.б.

11. Графикалық аббревиатураларда нүктемен қатар «/» белгісін және «-» белгісін қолдануға болады. Мысалы: шағын аудан – ш/а, кинотеатр – к/т немесе завод – з-д, библиотека – б-ка, факультет – ф-т және т.б.

12. Кілт сөздерді қысқартуға болмайды. Мысалы, құжат іс-сапар жайлы болса, оонда мәтінде іс-сапар сөзін қысқартуға болмайды.

13. Сөздерді қысқартқанда тек бір әріппен қысқартуға болмайды. Мысалы: көшесі сөзін қысқартсақ, оны к. деп қысқартпай, көш. немесе к-і деп қысқартамыз.

14. Аббревиатуралар барлығына түсінікті болуы қажет. Сондықтан мәтіндегі аббревиатураны бірінші рет қолданған кезде оның толық атауын жақшаның ішіне жазып қою қажет, содан кейін ғана қысқартылған түрде қолдана бересіз. Мысалы: МАЭС (Мемлекеттік аймақтық электр стансысы).

15. Аббревиатуралар дауыссыз дыбысқа аяқталмайды. Мысалы: ауыл сөз «а»/ «ауы» деп емес «ау.» деген тәрізді дауыссыз дыбысқа аяқталады.

Қазіргі уақытта іс-қағаздарда қысқартулардың мынадай түрлері стандартталған:

- **пошта мәліметтері** (қ., обл., ауд. және т. б.);
- **лауазымы мен атақтарының атауы** (проф., корр. мүшесі, каф. меңгерушісі, орын., М. А. және т. б.);
- **құжаттардың атаулары** (ГОСТ, техплан, ТЗ және т. б.);
- **жыл** (ж., жж., 1996/97 ж.);
- **ақша бірлігі** (2000 тг., 80 руб.);
- **мәтін белгілері** (т.б., м/ы, ж/е, с.с.).

### **Іс-қағаздарда жиі кездесетін аббревиатуралар тізімі:**

ИИК – ЖСК (жеке сәйкестендіру коды)

Кбе – Кбе (бенефициар коды)

БИК – БСК (бизнес сәйкестендіру коды)

БИН – БСН (бизнес сәйкестендіру нөмірі)

ИИН – ЖСН (жеке сәйкестендіру нөмірі)

БИН – бизнес-идентификационный номер

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі

ИИН – ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі

РНН – СТН – салық төлеушінің тіркеу нөмірі

НДС – ҚҚС – қосылған құн салығы

ОКПО – КҰЖЖ – кәсіпорындар және ұйымдардың жалпы жіктеушісі

ИИК – ЖСК – жеке сәйкестендіру коды

БИК – БСК – банктік сәйкестендіру коды

М.П. – М.О. – мөр орны

ААҚ – ашық акционерлік қоғам

ЖАҚ – жабық акционерлік қоғамы

ЖШҚ – жауапкершілігі шектеулі қоғам

ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БП – мемлекеттік кәсіпорын

МП – муниципалдық кәсіпорын

ЖК – жеке кәсіпорын

БК – бірлескен кәсіпорын

ҚБ – қоғамдық бірлестік